



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:  
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

22.05.2023 № 2-01-23-40250

21.04.2023 № ДЗ-88

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

**Құрметті депутаттар!**

Бас прокуратура инвестицияларды тарту үшін шаралар қабылдау мәселелері туралы депутаттық сауалды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Сауалда инвестициялық субсидиялар институтын енгізу, өндірісті қайта инвестициялауға (кеңейту, жаңғырту) арналған кірістерді одан әрі бағыттау үшін табыс салығынан босату қажеттігі және т.б. туралы көрсетілген.

Үкімет аталған бастамаларды қарау нәтижелері туралы сіздерді өз құзыретіне сәйкес хабардар етеді.

Бұдан әрі құжатта құқықтық сипаттағы проблемаларға тап болған кәсіпкерлердің жолданымдарын қоса бере отырып, мемлекеттік билік органдарымен дауларды шешу кезінде соттарда инвесторларды қорғау мәселелері көтерілген.

**«Beefstream» ЖШС-ның салық органымен дауға қатысты**

Салықтық тексеру нәтижелері бойынша «BEEFSREAM» ЖШС-ға (бұдан әрі – ЖШС) хабарлама бере отырып, 482,1 млн теңге сомаға КТС пен ҚҚС қосымша есептелген.

Негіздеме – растайтын құжаттардың болмауына байланысты «Эхо», «С.К. Жұмабаев» шаруа қожалықтарымен (бұдан әрі – ШҚ) және басқалармен өзара есеп айырысу (мал сатып алу және көлік қызметтері) бойынша шығыстарды жою.

ҚҚС Салық кодексінің (өзара есеп айырысу жасалған кездегі редакциядағы) 267-бабы бойынша жеңілдетілген есеп айырысу негізсіз қолданылғандықтан есептелген.

Қостанай облысының соттары ЖШС-ның хабарламаның күшін жою туралы арызын қанағаттандырудан бас тартты (МАЭС – 2020 жылғы 10 маусым, апелляция – 2020 жылғы 28 қыркүйек).

Жоғарғы Сот (2021 жылғы 24 мамыр) қайта қараудан бас тартты.

Соттар ЖШС салық төлеуден жалтару мақсатында іс жүзінде тиісті мал басы жоқ ШҚ-дан ірі қара малды (бұдан әрі – ІҚМ) сатып алу шығындарын өздеріне есепке жатқызған деп санаған.

Операциялардың тауарсыз жүргізілгені соттардың 9 азаматтық іс бойынша ЖШС мен ШҚ арасында жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы шешімдерімен расталды.

Соттың пікірінше, қосымша есептеулер үшін негізге алынған тасымалдау қызметтері де нақты көрсетілмеген, ал бастапқы бухгалтерлік құжаттар тек мәміленің орындалу көрінісін жасау үшін формалды жасалған.

Сонымен қатар олар белгіленген талаптарға сәйкес келмейді (көлік құралының шыққан, келген уақыты, тиеу тәсілі, жүктің салмағы туралы мәліметтер жоқ, жүк алушының қолымен, мөрімен расталмаған, тауарлардың қандай сомаға жіберілгені көрсетілмеген). Өнімдерді тасымалдау кезінде автокөліктер Қазақстаннан тыс жерлерде болған.

Салық кодексінің 267-бабына сәйкес ауыл шаруашылығы шикізатын өңдейтін салық төлеушілер төлеуге берілетін ҚҚС сомасын 70%-ға азайтуға құқылы. Осы жеңілдікті алу үшін өз өндірісінің тауарларын сатудан түскен табыс жылдық жиынтық табыстың кемінде 90%-н құрайтынын растау қажет.

Сот өз өндірісіндегі ет мөлшерін асырып көрсеткендіктен, ЖШС-ның жеңілдікке құқығы жоқ деген қорытындыға келген.

**Анықтама ретінде:** Сот Қостанай облысы әкімдігінің Ветеринария басқармасы маманының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №224 Мал шаруашылығы бойынша статистикалық көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесіне негізделген есеп-қисаптарын негізге алды.

Жоғарғы Сот **а.ж. 16 ақпанда** істі Төрағаның ұсынуы бойынша **ерекше тәртіппен** қарады.

Сот актілері күшінде қалдырылып, **ұсыну кері қайтарылды.**

Аталған қаулы түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

**«Серік» өндірістік-жабдықтау кәсіпорны» ЖШС бойынша**

2019 жылғы 29 желтоқсанда Батыс Қазақстан облысының инвестициялар тарту және инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі өңірлік кеңесі «Серік» ӨЖК» ЖШС-ның демалыс базасы мен сазан тұқымды аквамәдениетінің өндірістік орталығын орналастыру жөніндегі инвестициялық жобасын мақұлдады.

Бұл ретте, Орал қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 23 шілдедегі және 21 тамыздағы қаулыларымен, 2021 жылғы 2 маусымда «Ақжайық» ӘКК» АҚ-ға (бұдан әрі – ӘКК) жағалауды нығайту және су тарту құрылысын, пирсті салу және жағажайды ұйымдастыру үшін Орал қаласының «Самал» шағын ауданындағы жалпы ауданы 1,4596 га жер учаскелері конкурсыз уақытша пайдалануға берілген.

2020 жылғы 5 тамызда және 2021 жылғы 11 маусымда Орал қаласы жер қатынастары бөлімі мен ӘКК арасында жерді жалға алу шарты және қосымша келісім жасалған.

2020 жылғы 5 қазанда ӘКК мен «Серік» ӨЖК» ЖШС жерді нысаналы пайдалану бойынша бірлескен қызмет туралы шарт жасасқан.

Іргелес учаскелердің иелері – А.А. Копняева, Л.С. Румянцева, Д.Н. Нұрмағамбетова және Е.Н. Нұрмағамбетов сотта әкімдіктің қаулыларын даулады, өйткені жер ӘКК-ге олардың келісімінсіз және оларға тиесілі учаскелердің шекараларын бұза отырып берілген.

Жоғарғы Сот (2022 жылғы 6 қыркүйек) әкімдіктің ӘКК-ге жер беру туралы шешімдерін заңсыз деп танып, талап қоюды толық қанағаттандырды.

Сот жерге орналастыру жобасының іргелес меншік иелерімен келісілмегеніне назар аударып, жер учаскесін беру рәсімін бұзу орын алғанын, оның салдарынан ӘКК-нің жер учаскесі А.А. Копняеваның жер учаскесіне шығып кеткенін көрсетті.

Сондай-ақ сот талап қоюшылардың тарапынан жер құқығы туралы даудың болуын да ескерді, өйткені сұратылған жерлердің бір бөлігін іс жүзінде Л.С. Румянцева мен Д.Н. Нұрмағамбетова пайдаланып келген.

**Анықтама ретінде:** жерге орналастыру жобасын дұрыс ресімдегені үшін «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ филиалының кінәлі қызметкері тәртіптік жазаға тартылды.

Бұдан басқа, Батыс Қазақстан облысының Жер ресурстарын басқару департаменті (бұдан әрі – Департамент) «Мичуринское» бау-бақша шаруашылығы тұрғындарының жолданымы бойынша ӘКК-ге жер учаскелерін беру және оларды пайдалану кезінде жер заңнамасының сақталуына тексеру жүргізді.

Уәкілетті орган жерлердің ӘКК-ге конкурс өткізуінсіз берілгенін анықтады. Әкімдіктің қаулыларында учаскелердің инвестициялық жобаны іске асыру үшін берілгені туралы мәлімет жоқ.

Одан бөлек, жер учаскелері нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған (жер жағалауды нығайту және су тарту құрылысын, пирсті салуға және жағажайды ұйымдастыруға арналған. Іс жүзінде учаскелерге жазғы дәмхана, үйшіктер, үш қабатты объектілер тұрғызылған).

Тексеру нәтижелері бойынша акті жасалды, 2022 жылғы 6 маусым мен 10 тамызда Орал қаласының әкімдігіне және ӘКК-ге жер заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама енгізілді.

Департамент нұсқаманы орындау үшін ӘКК-мен жасалған 2020 жылғы 5 тамыздағы шартты және 2021 жылғы 11 маусымдағы қосымша келісімді жарамсыз деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Жергілікті соттар талап қоюды қанағаттандырды (МАЭС – 2022 жылғы 3 қараша, апелляция – 2023 жылғы 11 қаңтар).

Соттар ӘКК-ге жер беру кезінде Жер кодексінің 48-бабының талаптары бұзылғаны жөнінде қорытындыға келді, сондай-ақ «Серік» ӘЖК» ЖШС-ның жобасы (демалыс базасы мен сазан тұқымды аквамәдениетінің өндірістік орталығын орналастыру) даулы учаскелердің нысаналық мақсатына (жағалауды нығайту және су тарту құрылысын, пирсті салу және жағажайды ұйымдастыру) сәйкес келмейтіні туралы талап қоюшылардың дәлелдерімен келісті.

Бұдан басқа, сот Орал қаласы әкімдігінің ӘКК-ге жер беру туралы қаулысын заңсыз деп тапқан және күшін жойған Жоғарғы Соттың қаулысын назарға алды.

Аталған сот актілеріне «Серік» ӘЖК» ЖШС тікелей жоғары сот сатысына шағым келтіре алады.

Өз кезегінде, ӘКК 2022 жылғы 10 тамыздағы нұсқаманы (жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалану жөнінде шараларды қабылдау туралы) сотта даулады.

Бірінші сатыдағы соттың (2022 жылғы 14 желтоқсандағы) ұйғарымымен ӘКК-нің талап қоюы ӘРПК-нің 138-бабы 2-бөлігінің б) тармағы негізінде (талап қоюды кері қайтарып алуына байланысты) қараусыз қалдырылды.

Бас прокуратура бұдан бұрын Жоғарғы Соттың қаулысымен келіспейтіні туралы А. Әбілдинованың және басқалардың жолданымын қарады.

Жолданым иелеріне наразылық келтіру үшін процестік мүмкіндігінің жоқтығы туралы жауап берілді, сондай-ақ Жоғарғы Сот Төрағасына айрықша негіздерді келтіре отырып, даулы сот актісін қайта қарау үшін ұсыну енгізу туралы өтінішхатпен жүгіну құқығы түсіндірілді.

**Анықтама ретінде:** ӘРПК-нің 168-бабының 6-бөлігіне сәйкес мұндай негіздерге адамдардың өмірі, денсаулығы үшін орны толмас салдар, адамдардың анықталмаған тобының құқықтары мен

занды мүдделерін бұзу, соттардың құқық нормаларын түсіндіруіндегі және қолдануындағы бірізділікті бұзу жатады.

Сол уақытта Жоғарғы Соттың (2022 жылғы 6 қазан) шешімді түсіндіруін ескере отырып, Батыс Қазақстан облысының прокуратурасы қала әкімдігіне мәлімделген инвестициялық жобаға жер учаскесін қайта бөлу мәселесін қарау туралы хат жіберді.

Бұдан әрі осы адамдардың шағымдары бойынша Жайық-Каспий су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциясы (бұдан әрі – Инспекция) «Серік» ӨЖК» ЖШС-ға қатысты тексеру жүргізді.

Нәтижесінде су заңнамасының бұзылғаны анықталды (жағалауды нығайту жөніндегі жұмыстар Инспекцияның келісімінсіз жүргізілген), кейін «Серік» ЖӨК» ЖШС-ға жағалауды нығайту жұмыстары жүргізілгенге дейін Шаған өзеніндегі жағалау жағасын қалпына келтіру туралы нұсқама шығарылды, оған ешкім дау келтірген жоқ.

Батыс Қазақстан облысының соттары (МАЭС – 2022 жылғы 22 қыркүйек, апелляция – 2022 жылғы 23 желтоқсан) «Серік» ЖӨК» ЖШС-ны тиісті жұмыстар жүргізілмеу себебіне байланысты нұсқаманы орындауға мәжбүрледі.

Көшпелі сот отырысы барысында «Серік» ЖӨК» ЖШС орындаған жер жұмыстары су объектісін басып алуға, жаңа жағалау жағасын жасанды қалыптастыруға, бастапқыда жобаны іске асыруға арналған жер учаскесінің кеңейуіне әкелгенін анықтады.

«Серік» ЖӨК» ЖШС сот шешімдерін Жоғарғы Сотқа дербес шағымдануға құқылы.

Бірінші сатыдағы соттың ұйғарымымен (2023 жылғы 17 ақпан) аталған сот актілерінің орындалуы 2023 жылғы 17 маусымға дейін кейінге қалдырылғанын атап өткен жөн.

***«КАТКА қазақ-түрік кәсіпкерлерінің қауымдастығы» жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар бірлестігінің жолданымы бойынша***

Аумақтық прокуратуралардың мәліметтері бойынша соттар 2022 жылы және 2023 жылдың өткен кезеңінде салық органдарының Түркия азаматтарының қатысуымен шаруашылық жүргізуші субъектілерді тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талап қоюлары бойынша **36** азаматтық істі қараған. Оның ішінде **34** іс бойынша талап қоюлар қанағаттандырылған, **2**-уі бойынша бас тартылған.

Талап қоюда «Халықтың көші-қоны туралы» Заңның бизнес-көшіп келуші ретінде келуге виза алмаған шетелдіктердің заңды тұлға құруына және заңды тұлға қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына тыйым салатын 40-бабы бұзылғаны туралы дәлелдер негізге алынған.

Соттардың пікірінше, аталған норманы сақтамау Қазақстан аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың мүмкін еместігін растайды және сонымен бірге жойылмайтын сипаттағы әрі осындай компаниялардың тіркелуін жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылатын елеулі бұзушылық болып саналады.

Аталған даулар АПК-нің 435-бабына сәйкес Бас Прокурор сот актілеріне наразылық білдіре алатын істер санатына жатпайды (АПК-нің 54-бабының 2-бөлігі – мемлекет мүдделерін қозғайтын, қоғамдық мүдделерді немесе өздерін өз бетінше қорғай алмайтын азаматтар).

Негізінен үшінші елдердің азаматтары заңды тұлға құрылғаннан кейін Қазақстаннан кететінін, ал олар құрған компаниялар жалған шот-фактураларды

жазып беру, салық төлеуден жалтару және қаражатты көлеңкелі айналымға шығару схемаларында пайдаланылатынын атап өту қажет.

**Анықтама ретінде:** салық органының деректері бойынша бизнес-көшіп келуші визасы жоқ кәсіпорындардың қызметін іріктеп талдау арқылы 198 компанияда 4,1 млрд теңгеге салық берешегі анықталды, тіркеу орны бойынша 1,5 мыңнан астамы жоқ және 2 мыңға жуық фирма жұмыс істемейді.

Өз кезегінде, салық органы аталған салық төлеушілерге қатысты сотқа талап қоюды бергенге дейін салықтық әкімшілендіру шеңберінде белгілі бір жұмыстар жүргізеді.

**Анықтама ретінде:** салық төлеушінің орналасқан жеріне салықтық зерделеу жүргізіледі, негіздер (бересі, хабарламаларды орындамауы және т.б.) болған кезде шоттар бойынша шығыс операцияларын шектеу жүзеге асырылады, жоқ тауарлар бойынша электрондық шот-фактуралар анықталады, активтердің болуы, салық міндеттемелерінің орындалуы, СЖК-нің деңгейі айқындалады.

Аталған жұмыс көлеңкелі экономиканың өсуіне және салық заңнамасының бұзылуына жол бермеу мақсатында жүзеге асырылады.

Сонымен қатар «көлеңкелі» тіркеу санын қысқарту және салық органдарының заңды тұлғаларды тарату туралы сотқа қойған талаптарын азайту мақсатында а.ж. 20 қаңтарда Бас прокуратура бірқатар бастамалармен Үкіметке хат жолдады.

Атап айтқанда, заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы құқықтық актілерді халықтың көші-қоны саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес келтіру, сондай-ақ «бизнес-көшіп келуші» визасы болған кезде шетелдіктердің заңды тұлғалардың құрылтайшылары болу құқығын бекіту ұсынылды.

Қазіргі уақытта Әділет министрлігі мүдделі мемлекеттік органдарда келісуде жатқан заңнамалық актілерге түзетулердің жобасын дайындады.

### ***Бизнес пен инвесторларды қорғау саласындағы жұмыс туралы***

Бұл бағыт прокуратура органдары үшін басым бағыттардың бірі болып табылады.

Осы салада кәсіпкерлік субъектілерінің мүддесі үшін прокурорлар ағымдағы жылдың басынан бастап **5 мыңнан** астам тыйым салу және шектеу шараларының, **560 млн** теңгеден астам сомаға **2 мың** заңсыз әкімшілік іс жүргізудің күшін жойды.

Бас прокуратураның наразылықтары бойынша министрліктердің (денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, экология, қаржы, индустрия және инфрақұрылымдық даму) **2 мың** бизнес субъектісіне заңсыз тексеру (бару арқылы профилактикалық бақылау) жүргізуді көздеген **9** бұйрығының күші жойылды (өзгертілді).

Прокуратура органдарының бизнесті қорғау жөніндегі мобильді топтары жұмысын жалғастыруда (бару арқылы, тәулік бойы 24/7).

2023 жылғы 4 айда олар кәсіпкерлердің **1100** сигналын пысықтады, оның әрбір бесіншісі (219) расталды.

«Атамекен» ҰКП-мен және Бизнес-Омбудсменмен тығыз ынтымақтастық орнатылды.

Өткен жылы біз Бизнесті қорғау бойынша 2023 жылға арналған бірлескен іс-қимылдың **Кешенді жоспарын** бекіттік, оған **21** мемлекеттік орган жұмылдырылды.

Жоспар салықтық әкімшілендіру мәселелерінен бастап, мүдделерге нұқсан келтіретін кез келген деңгейдегі актілердің күшін жоюға дейінгі **44** іс-шараны көздейді.

Прокурорлардың көмегімен бизнес субъектілері үшін өзекті болып табылатын **12** мәселе шешімін тапты (кәсіпкерлерге газды жоғары бағамен сату, заңсыз мониторингтер жүргізу, ЖК-ге қатысты салық бұйрықтарын шығару практикасы тоқтатылды, бөлшек сауда үшін орындар анықталды және т.б.).

Бизнес құқықтарын бұзу бойынша барлығы **750** қадағалау актісі енгізілді, **360** лауазымды адам жауаптылыққа тартылды.

Бүгінгі күнге Мемлекет басшысының соңғы тапсырмаларын ескере отырып, Үкіметпен бірлесіп, прокуратура органдары қызметкерлерінің маңызды инвестициялық жобаларды және тиісті есептілікті сүйемелдеуін бекіту тетігі әзірленуде.

Осы бағыттағы жұмыс іске асырудың белсенді кезеңінде.

**Б. Асыллов**



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:  
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

22.05.2023 № 2-01-23-40250

21.04.2023 № ДЗ-88

Депутатам Мажилиса  
Парламента  
Республики Казахстан  
(по списку)

### Уважаемые депутаты!

Генеральная прокуратура, рассмотрев депутатский запрос о вопросах принятия мер для привлечения инвестиций, сообщает следующее.

В запросе указывается о необходимости внедрения института инвестиционных субсидий, освобождения от налога на прибыль для дальнейшего направления доходов на реинвестирование (расширение, модернизация) производства и т.д.

О результатах рассмотрения отмеченных инициатив вас проинформирует Правительство в соответствии с его компетенцией.

Далее в документе поднимаются вопросы защиты инвесторов в судах при разрешении споров с органами государственной власти с приложением обращений предпринимателей, столкнувшихся с проблемами правового характера.

#### ***Относительно спора ТОО «Beefstream» с налоговым органом***

По результатам налоговой проверки ТОО «BEEFSREAM» (далее - ТОО) доначислены КПП и НДС на сумму 482,1 млн тенге с выставлением уведомления.

Основание – исключение расходов по взаиморасчетам (приобретение скота и транспортные услуги) с крестьянскими хозяйствами (далее – КХ) «Эхо», «Жумабаев С.К.» и другими в связи с отсутствием подтверждающих документов.

НДС начислен по причине необоснованного применения льготного расчета по ст.267 Налогового кодекса (в редакции на момент совершения взаиморасчетов).

Судами Костанайской области в удовлетворении заявления ТОО об отмене уведомления отказано (СМЭС - 10 июня 2020 года, апелляция - 28 сентября 2020 года).

Верховный Суд (24 мая 2021 года) в пересмотре отказал.

Суды посчитали, что ТОО в целях уклонения от уплаты налогов относило себе в зачет затраты по приобретению крупного рогатого скота (далее - КРС) у КХ, фактически не имевших соответствующего поголовья.

Бестоварность операций подтверждена решениями судов по 9 гражданским делам о признании недействительными сделок между ТОО и КХ.

По мнению суда, положенные в основу доначисления услуг перевозок тоже реально не оказывались, а первичные бухгалтерские документы составлялись формально только для создания видимости исполнения сделки.

Более того, они не отвечали установленным требованиям (нет сведений о времени убытия, прибытия транспортного средства, способе погрузки, весе груза, не заверены подписью, печатью грузополучателя, не отражено, на какую сумму отпущены товары). В момент транспортировки продукции автомашины находились за пределами Казахстана.

Согласно ст.267 Налогового кодекса налогоплательщики, перерабатывающие сельскохозяйственное сырьё, вправе уменьшить сумму НДС к уплате на 70%. Для получения данной льготы следует подтвердить, что доход от реализации товаров собственного производства составляет не менее 90% от совокупного годового дохода.

Суд пришел к выводу о том, что ТОО не имело право на льготу, так как завысило количество мяса собственного производства.

**Справочно:** суд исходил из расчетов специалиста Управления ветеринарии акимата Костанайской области, основанного на Методике формирования статистических показателей по животноводству от 25 декабря 2015 года №224.

**16 февраля 2023 года** Верховный Суд рассмотрел дело в **исключительном порядке** по представлению Председателя.

Судебные акты оставлены в силе, **представление отклонено.**

Данное постановление является окончательным и пересмотру не подлежит.

**По ТОО «Производственно-снабженческое предприятие «Серик»**

29 декабря 2019 года Региональным советом по привлечению инвестиций и улучшению инвестиционного климата Западно-Казахстанской области одобрен инвестиционный проект ТОО «ПСП Серик» по размещению базы отдыха и производственного центра аквакультуры карповых пород.

При этом постановлениями акимата г.Уральска от 23 июля и 21 августа 2020 года, 2 июня 2021 года АО «СПК «Ақжайық» (далее - СПК) земельные участки в микрорайоне «Самал» г.Уральск, общей площадью 1,4596 га, предоставлены во временное пользование без конкурса для строительства берегоукрепительного и водозаборного сооружения, пирса и организации пляжа.

5 августа 2020 года и 11 июня 2021 года между Отделом земельных отношений г.Уральска и СПК заключены договор аренды земли и дополнительное соглашение.

5 октября 2020 года СПК и ТОО «ПСП Серик» заключили договор о совместной деятельности по целевому использованию земли.

Собственники смежных участков - Копняева А.А., Румянцева Л.С., Нурмагамбетова Д.Н. и Нурмагамбетов Е.Н. оспорили постановления акимата в суде, поскольку земля предоставлена СПК без их согласия и с нарушением границ, принадлежащих им участков.

Верховный Суд (6 сентября 2022 года) иск полностью удовлетворил, признав незаконными решения акимата о предоставлении земли СПК.

Суд указал на наличие нарушений процедуры выдачи земельного участка, обратив внимание на отсутствие согласования землеустроительного проекта со смежными собственниками, в результате чего произошло наложение земельного участка СПК на земельный участок Копняевой А.А.

Также суд учел наличие спора о праве на землю со стороны истцов, так как часть испрашиваемых земель фактически использовались Румянцевой Л.С. и Нурмагамбетовой Д.Н.

**Справочно:** за неправильное оформление землеустроительного проекта виновный сотрудник филиала НАО «Правительство для граждан» понес дисциплинарное наказание.

Кроме того, Департаментом по управлению земельными ресурсами Западно-Казахстанской области (далее - Департамент) по обращениям жителей садоводческого хозяйства «Мичуринское» проведены проверки соблюдения земельного законодательства при предоставлении земельных участков и их использовании СПК.



Уполномоченным органом установлено, что земля предоставлена СПК без проведения конкурса. В постановлениях акимата сведения о том, что участки выданы для реализации инвестиционного проекта, отсутствуют.

Более того, земельные участки использовались не по целевому назначению (земля предназначалась для строительства берегоукрепительного, водозаборного сооружения, пирса и организации пляжа. Фактически на участках возведены летнее кафе, домики, трехэтажный объект).

По результатам проверки составлены акты, 6 июня и 10 августа 2022 года в акимат г.Уральск и СПК внесены предписания об устранении нарушений земельного законодательства.

Во исполнение предписания Департамент обратился в суд с иском о признании недействительными договора от 5 августа 2020 года и дополнительного соглашения от 11 июня 2021 года, заключенных с СПК.

Местными судами иск удовлетворен (СМЭС - 3 ноября 2022 года, апелляция - 11 января 2023 года).

Суды пришли к выводу о нарушении требований ст.48 Земельного кодекса при предоставлении земли СПК, также согласившись с аргументами истца о несоответствии проекта ТОО «ПСП Серик» (размещение базы отдыха и производственного центра аквакультуры карповых пород) целевому назначению спорных участков (строительство берегоукрепительного и водозаборного сооружения, пирса и организации пляжа).

Кроме того, суд принял во внимание постановление Верховного Суда, которым признаны незаконными и отменены постановления акимата г.Уральска о предоставлении земли СПК.

Данные судебные акты могут быть обжалованы ТОО «ПСП Серик» непосредственно в высшую судебную инстанцию.

В свою очередь, СПК оспорило предписание от 10 августа 2022 года (о принятии мер по целевому использованию земли) в суд.

Определением суда первой инстанции (14 декабря 2022 года) иск СПК оставлен без рассмотрения на основании п.6) ч.2 ст.138 АПК (в связи с отзывом иска).

Генеральной прокуратурой ранее рассмотрено обращение Абильдиновой А. и других о несогласии с постановлением Верховного Суда.

Авторам обращения дан ответ об отсутствии процессуальной возможности для принесения протеста, а также разъяснено право обращения к Председателю Верховного Суда с ходатайством о внесении представления о пересмотре оспариваемого судебного акта и приведением в нем исключительных оснований.

**Справочно:** к таким основаниям в силу ч.6 ст.168 АПК отнесены тяжкие необратимые последствия для жизни, здоровья людей, нарушение прав и законных интересов неопределенного круга лиц, нарушение единообразия в толковании и применении судами норм права.

Одновременно с этим с учетом разъяснения решения Верховным Судом (6 октября 2022 года) прокуратурой Западно-Казахстанской области 16 мая т.г. в акимат г.Уральска направлено письмо о рассмотрении вопроса повторного выделения земельного участка под заявленный инвестиционный проект.

Далее, по жалобам тех же лиц Жайык-Каспийской бассейновой инспекцией по регулированию использования и охране водных ресурсов (далее - Инспекция) проведена проверка в отношении ТОО «ПСП Серик».

По результатам выявлены нарушения водного законодательства (работы по берегоукреплению проведены без согласования Инспекции) с последующим вынесением в

адрес ТОО «ПСП Серик» предписания о приведении береговой линии реки Чаган в состояние до проведения работ по берегоукреплению, которые никем не оспорены.

Суды Западно-Казахстанской области (СМЭС - 22 сентября 2022 года, апелляция - 23 декабря 2022 года) обязали ТОО «ПСП Серик» исполнить предписание по причине непроведения соответствующих работ.

В ходе выездного судебного заседания установлено, что выполненные ТОО «ПСП Серик» земляные работы привели к захвату водного объекта, искусственному формированию новой береговой линии, расширению земельного участка, изначально предназначенного для реализации проекта.

ТОО «ПСП Серик» вправе самостоятельно обжаловать судебные решения в Верховный Суд.

Следует отметить, что определением суда первой инстанции (17 февраля т.г.) исполнение названных судебных актов отсрочено до 17 июня т.г.

***По обращению Объединения индивидуальных предпринимателей и юридических лиц «Ассоциации Казахско-Турецких предпринимателей КАТКА»***

По сведениям территориальных прокуратур судами в 2022 году и истекшем периоде 2023 года рассмотрено **36** гражданских дел по искам налоговых органов о признании недействительной регистрации хозяйствующих субъектов с участием граждан Турции. Из них по **34** делам иски удовлетворены, по **2** отказано.

В основу исков положены доводы о нарушении ст.40 Закона «О миграции», запрещающей создание юридического лица и участие в уставном капитале коммерческих организаций путем вхождения в состав их участников иностранцам, не получившим визы на въезд в качестве бизнес-иммигрантов.

По мнению судов, несоблюдение указанной нормы свидетельствует о невозможности осуществления предпринимательской деятельности на территории Казахстана, и в то же время считается существенным нарушением, носящим неустранимый характер и являющимся основанием для признания регистрации таких компаний недействительной.

Указанные споры не относятся к категории дел, по которым согласно ст.435 ГПК Генеральный Прокурор может опротестовать судебные акты (ч.2 ст.54 ГПК - затрагивающие интересы государства, общества или граждан, которые самостоятельно не могут себя защищать).

Необходимо обозначить, что в основном граждане третьих стран после создания юридического лица покидают Казахстан, а созданные ими компании используются в схемах по выписке фиктивных счетов-фактур, уклонению от уплаты налогов и выводу средств в теневой оборот.

**Справочно:** выборочным анализом деятельности предприятий, не имеющих визу бизнес-иммигранта, выявлена налоговая задолженность у 198 компаний на 4,1 млрд тенге, более 1,5 тыс. отсутствуют по месту регистрации и порядка 2 тыс. фирм бездействуют.

В свою очередь, до подачи исков в суд налоговым органом в отношении названных налогоплательщиков проводится определенная работа в рамках налогового администрирования.

**Справочно:** проводится налоговое обследование места нахождения налогоплательщика, осуществляется ограничение расходных операций по счетам при наличии оснований (недоимка, не исполнение уведомлений и т.д.), выявляются электронные счета-фактуры по отсутствующим товарам, определяется наличие активов, исполнение налоговых обязательств, уровень КНН.

Отмеченная работа осуществляется с целью предотвращения роста теневой экономики и нарушений налогового законодательства.

Наряду с этим в целях сокращения числа «теневых» регистраций и минимизации судебных исков налоговых органов о ликвидации юридических лиц 20 января т.г. Генеральной прокуратурой направлено письмо в Правительство с рядом инициатив.

В частности, предложено привести правовые акты в сфере регистрации юридических лиц в соответствие с требованиями законодательства в области миграции населения, а также закрепить право иностранцев выступать учредителями юридических лиц при наличии визы «бизнес-иммигрант».

В настоящее время Министерством юстиции подготовлен проект поправок в законодательные акты, находящийся на стадии согласования в заинтересованных государственных органах.

### ***О работе в сфере защиты бизнеса и инвесторов***

Данное направление является одним из приоритетных для органов прокуратуры.

В этой сфере прокурорами в интересах субъектов предпринимательства с начала текущего года отменено свыше **5 тыс.** запретительных и ограничительных мер, **2 тыс.** незаконных административных производств на сумму свыше **560 млн** тенге.

По протестам Генеральной прокуратуры отменены (изменены) **9** приказов министерств (здравоохранения, сельского хозяйства, экологии, финансов, индустрии и инфраструктурного развития), которыми было предусмотрено неправомерное проведение проверок (профилактический контроль с посещением) **2 тыс.** субъектов бизнеса.

Продолжают работать Мобильные группы по защите бизнеса органов прокуратуры (с выездом, круглосуточно 24/7).

За 4 месяца 2023 года ими отработано **1100** сигналов предпринимателей, каждый пятый (219) подтвердился.

Налажено тесное сотрудничество с НПП «Атамекен» и Бизнес-Омбудсменом.

В прошлом году нами утвержден **Комплексный план** совместных действий по защите бизнеса на 2023 год, в котором задействован **21** государственный орган.

План предусматривает **44** мероприятия, начиная от вопросов налогового администрирования до отмены актов любого уровня, ущемляющих интересы.

При содействии прокуроров разрешено **12** чувствительных для субъектов бизнеса вопросов (прекращена практика продажи газа предпринимателям по завышенным ценам, проведения незаконных мониторингов, вынесения налоговых приказов в отношении ИП, определены места для розничной торговли и др.).

Всего по нарушениям прав бизнеса внесено **750** актов надзора, к ответственности привлечено **360** должностных лиц.

На сегодня в свете последних поручений Главы государства совместно с Правительством разрабатывается механизм закрепления сопровождения сотрудниками органов прокуратуры значимых инвестиционных проектов и соответствующей отчетности.

Работа в этом направлении находится в активной фазе реализации.

**Б. Асыллов**